


Кз 65.
Ш 9

Шығыс Қазақстанның

географиялық

атпаулары



Шығыс Қазақстан облыстық ішкі саясат департаменті

Шығыс Қазақстан облыстық ақпарат басқармасы

Шығыс Қазақстанның Әкімшілік-аумақтық бөлінісі мен географиялық атаулары

Редакция алқасы:

Бағлан Данияров

Манарбек Мұхамеджанов

Серік Байхонов

Бердібек Бияров

Айгүл Әлімхан

Жұмағазы Игісін

Нәзікен Түркістанова

Самарбек Әбішев

Қазақстан Жазушылар Одағының ШҚО бөлімшесі

ӨСКЕМЕН - 2003 жыл

ББК 81.2-67

Б

Шығыс Қазақстан облысының географиялық атаулары. Өскемен; Қазақстан Жазушылар Одағының ШҚО бөлімшесі, 2003 жыл-185 бет.

ISBN 9965-9364-0-4

Бұл еңбекте Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөлінісімен бірге, облыс аумағында кездесетін елді мекендер мен жер-су атаулары қамтылды. Оның ішінде қазақтың өзіне тән ежелгі жер-су атауларымен қатар, кеңес дәуірі кезінде аталып, бүгінге дейін сақталып келе жатқан елді мекен атаулары да көптеп ұшырасады. Авторлар қауымы әрбір атаудың этимологиялық төркініне үңіліп, сөздің мағынасын мүмкін болғанынша ашып беруге күш салды. Көзі қаракты оқырман бұл кітаптан жекелеген олқылықтар табуы да әбден мүмкін. “Көш жүре түзеледі” деген ниетпен тұңғыш рет жарық көргелі отырған осынау еңбекті оқырман қауым өз кәдесіне жаратар деп сенеміз.

Б 4602000000

00 (05)-03

ISBN 9965-9364-0-4

ББК81.2-67

Шығыс Қазақстан
облысының
Әкімшілік-аумақтық
бөлінісі мен
географиялық
атаулары

АЛҒЫСӨЗ

“Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік бөлінісі мен географиялық атаулары” деп аталар бұл кітапта облыстың әкімшілік бөлінісін айқындап, негізгі деген географиялық жер-су атауларын қамтуды мақсат тұттық. Әрине жер көлемі Европаның бірнеше мемлекетіне пара-пар үлкен аймақты түгелдей қамту қиынның қиыны екенін түсінеміз.

Оның үстіне жер бетінде ат қоюға ең шебер халықтардың бірі - қазақ халқы екені анық. Қызылқұмын - қызығым, Қарақұмын - қарағым деген аталарымыз қойған әрбір атаудың артында тарих тағлымы мен астарлы ақпарат жатқаны рас. Қарақұм мен Қызылқұмды былай қойғанда, Сарытауқұмы мен Мойынқұмы, Сарышағанды былай қойғанда, Ереншағаны мен Белеңшағаны бар халық қазақ жерінің ең түкпіріндегі Қаба өзенінің салаларын бас-басына бөліп, Жеті Қаба деп атайды. Ашамайлы деп ат қойған халықты, Қаражаріші деп ат қойған халықты ақын емес деп айтып көріңіз...

Топонимист-ғалым В.А.Жучкевич ұсынған жүйе бойынша әрбір атауға жеті түрлі сипаттама берілуі керек:

1. Географиялық нысанның өзі туралы /тау, өзен, елді мекен, тас, көл т.б./ мәлімет.

2. Оның қазіргі аты қандай?

3. Ол нысанның қосымша аты бар ма? Бұрын қалай аталды?

4. Жақын маңда дәл осындай тағы бір атау кездесе ме?

5. Атау қай кезден бері белгілі /жуық шамамен анықтама-са, жер-су аттарын кім, қашан қойғанын нақты айқындау қиын/.

6. Жергілікті тұрғындар атаудың мағынасын қалай түсіндіреді /аңыз-әңгіме, әлдебір оқиға негізінде, «халықтық этимология» негізінде т.б./.

7. Ол түсіндірмелер ғылыми этимологияға сәйкес келе ме?

Тіл білімінің жалқы есімдер /ономастика/ саласына кіретін топонимдер жерге, суға және басқа географиялық нысанға берілген жай ғана таңба сөздер емес, оның бойынан, ең алдымен, халықтың бай тілі, тарихы, табиғат құбылысын қалт

жібермейтін байқампаздығы, ұлттық кәсібі, суреткерлік ойлау қабілеті көрініс беріп тұрады. Мәселен, Қазақстанның әр жерінде *Айтқаншоқы* деп аталатын ороним /тау аттары/ кездеседі. Кейінгі ұрпақ оның этимологиясын түсінбегендіктен, әр түрлі аңыз-әңгімелер туғызуы мүмкін. Оны тіл білімінде «халықтық этимология» деп атайды. Бізге керегі, әрине, ғылыми этимология. *Айтқаншоқы* орониміне тілдік талдау жасап көрелік: *айт* /түбір етістік/ + *қан* /өткен шақ есімше/. Атаудың екінші сыңары *шоқы* /шағын төбе, тау басы/ жиі кездесетін географиялық термин. Лексикалық мағынасы бойынша атаудың бірінші сыңары «айтқан, келісілген, белгіленген» деген мәндес сөздерді білдіріп тұр. Қазақтың тарихында шашырап жатқан ауылдардың басын қосу үшін, бір жерді алдың-ала белгілеп, хабарлайтын болған. Мұндай шара ұлы жиын боларда, соғысқа қол жиғанда, ас берерде ұйымдастырылатын. Ел жиналатын жерге, көбінесе, маңайы жазық, өзі жеке тұрған төбе, шоқылар таңдап алынатын. Ел: «Айтқаншоқыға бара жатырмын», «Айтқаншоқыда кездесейік», - дейтін. Бұдан біз жер-су аттары оларды бір-бірінен айыру үшін қойылған таңбалар ғана емес, тұтас жатқан тілдік, тарихи ұғымдар екенін көреміз.

Қай ғылым саласын болсын зерттеуге кіріспес бұрын, ғылыми деректер, материал жинап алу керектігі белгілі. Әрбір аймақтың жер-су аттарын жинап, картотекаға түсіру туралы кезінде макротопонимдерді /*Алтай, Ертіс, Күршім, Зайсан т. б.*/ ғана емес, микротопонимдерді /*Қосқарағай, Қойтас, Суықсай т. б.*/ қамту оңайға түскен жоқ. Өйткені олар да толыққанды атауға жатады және микротопонимдер аз уақыт ішінде-ақ ұмытылып кетуге бейім тұрады. Оған басты себеп - ауыл шаруашылығының тоқырауы. Мал басының кемуіне байланысты, алыс жайлауларға бару азайып, ондағы көмескі тартқан сүрлеулер секілді, небір тамаша атаулар ел есінен шығып барады. Жер-су аттарын адамдар қояды, адамдар ғана пайдаланады. Адамдар көшіп кетсе, атау да өшеді.

Жергілікті тұрғындар «халықтық этимологияға» сүйенеді де, ғылыми негізден алшақтап кетеді. Мәселен, *Марқакөл* туралы екі түрлі аңыз бар: бірі- марқаның еті піскенше, кедей жігіттің көлді айнала шауып келіп, байдың қызын алуы;

екіншісі - қайнарға құлап кеткен марка қозыны көтеріп алғанда, шыққан мол судан пайда болған деген аңыздар. Шындығында, бұл көл Алтай тауында көп кездесетін, көбінесе қар суынан жиналатын шағын көлдердің ең ірісі, яғни маркасы деген ұғымнан қалыптасқан гидроним/ су аттары/.

Топонимдер өз ішінде мынадай салаларға бөлінеді:

Г и д р о н и м - өзен, көл, су аттары / Ертіс, Бұқтырма, Қаракөл, Ақсу т.б./.

О р о н и м – тау, төбе, шоқы аттары /Алтай, Жалғызтау, Жуантөбе, Ақшоқы т.б./.

А н т р о т о п о н и м – кісі атынан жасалған жер-су аттары / Шабанбай жайлауы, Қабанбай ауылы, Көгедай, Әбдікерім жұрты т.б./.

Э т н о т о п о н и м – ру, тайпа, халық аттарынан жасалған топонимдер/ Керей өткелі, Шоңмұрын кезені, Найман көшкен т.б./.

З о о т о п о н и м – жан-жануарлар атынан жасалған топонимдер / Бұғымүйіз, Итөлген асуы, Қоянды, Қарғалы т.б./.

Қолдарыңыздағы еңбекте облыстың топонимдік картотекасы жасалумен қатар, көптеген тарихи атаулар, халқымыздың көне төл атауларымен бірге келімсектер қойған “жаңа” атаулар мен идеологиялық атаулар да жиі кездеседі. Осы жерде үкімет тарапынан заңды қаулымен бекітілмеген атауларды бұрынғы қалпынша беруге мәжбүр болдық.

Жинақты дайындау кезінде мынандай әдебиеттер пайдаланылғанын да айта кету керек.

1. Болатов Ж. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1963.

2. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985.

3. Бияров Б. Өр Алтайдың жер-су аттары. Алматы, 2002.

4. Әлімхан А. Шығыс Қазақстан оңтүстік топонимдерінің тілдік және этномәдени негіздері. Филол ғыл канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2001.

5. Мадиева Г. Гидронимия Восточного Казахстана. Диссертация на соискание уч. степ. канд. филол. наук. Алматы, 1990.

Көне атаулардың сырын ашу кезінде «Көне түркі тілінің сөздіктері», М. Қашқаридің сөздігі сияқты жәдігерлерді пай-

даланылды. Мәселен, *Қайырты*, тау- Қара Ертістің басы. Мұндағы *Қайыр* көне түркі тілінде «құм» мағынасын беретіні М.Қашқари сөздігінде жазылған. Ал *-ты* туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. Сонда *Қайырты* тура мәнінде «құмды» болып шығады.

К і р м е қабатқа монғол және орыс тілдерінен енген топонимдер жатады. Өйткені Шығыс Қазақстанда араб, парсы, қытай тілінен енген атаулар жоқтың қасы. Монғол тілді атаулар тілімізге бейімделіп, топожүйеміздің ажырымас бір бөлігіне айналған: *Тарвагантуй>Тарбағатай «суырлы»*, *Чандагатуй>Шындығатай «ақ қоянды»*; *Зайсанг- нор>Зайсан көлі «мырза көл»* т.б.

Орыс тілді атаулар көп кейін енгендіктен / 18-19 ғ /, тілдік типі бөлек болғандықтан, айқындалып тұрады / *Александр терісі, Николаевка, Проездная, Грива* т.б./ . Мұндай атауларға да лексика-семантикалық талдаулар жасауға күш салынды. Оның кейбірі бұрынғы түркілік немесе монғолдық мағынасынан тікелей аударылған атаулар болуы мүмкін / *Жыландытау – Змейногорск, Қалзың – Холзун* /.

Ж а ң а қабатқа қазіргі қазақ тілінен жасалған атаулар /*Түйемойнақ, Сұлушоқы, Мұзбел*/ мен Кеңес дәуірінде әдейі өзгертілген, мейлінше саясаттанған атаулар жатады. /*Жаңадәуір, Қызылстан, Жданов колхозы, Комсомол*/ Бұл саясаттанған атаулар жер бедеріне сай қойылған тарихи атауларды ығыстырып шығарғаны белгілі. Әлі де ел есінен өше қоймаған тарихи атауларды қайтару болшақтың, болашақ ұрпақтың міндетіне жатады.

Бердібек Бияров,
филология ғылымдарының кандидаты.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

Антр., – анротопоним
(кісі есімдері мен фамилияларына қойылған жер-су аттары)

а.о. – ауылдық округ

а.е.м. – ауылдық елді мекен

ауд. – аудан

ауд. орт. – аудан орталығы

бат. – батыс

ж. – жыл

е.м. – елді мекен

диал. – диалект.

обл. – облыс

об.к. – облысқа бағынышты қала

орт. – орталық

онт. – оңтүстік

км. – километр

қ. – қала

түркі – түркі тілінде

монғ. – монғол тілінде

қ.т.п. – қала типті поселка

м. – метр

ст. – станса

солт. – солтүстік

этнотоп. – этнотопоним.

(ру атауларынан қойылған жер-су аттары)

шар. км. – шаршы километр

шығ. – шығыс

шығ. – шығыс

// – сөз, тұлға варианттары

> – тұлғасы немесе

мағынасы жағынан

атаудың (сөздің) өзінен

бұрынғы түрі

< – тұлғасы немесе мағынасы

жағынан атаудың

(сөздің) өзінен кейінгі түрі

+ – сөзге (тұлғаға) қосымшаның,

не өзге тұлғаның

қосылуы

**Шығыс Қазақстан
облысының
әкімшілік-аумақтық бөлінісі**

**(2002 жылдың
1 қаңтарындағы облыстық
статистика басқармасының
мәліметі бойынша)**

Облысқа бағынышты қалалар

Өскемен

Зырян

Семей

Курчатов

Риддер

Ауданға бағынышты қалалар

Аягөз

Шар

Зайсан

Шемонаиха

Серебрянск

Жұмысшы кенттері

Ақжал

Қарақожа

Ақтоғай

(Карагужиха)

Асубұлақ

Малеевка

Әуезов

Молодежный

Белағаш

Огневка

Белогорский

Октябрьский

Белоусовка

Палатцы

Березовский

Первомайский

Бөке

Прибрежный

Верхнеберезовский

Путинцево

Глубокое

Суықбұлақ

Жаңа Бұқтырма

Тұғыл

Жаңғызтөбе

Усть-Таловка

Жарма

Үлбі

Жезкент

Шаған

Зубовка

Шульбинск

Шығыс Қазақстан облысы

орталығы - Өскемен қаласы

Облыстың құрылған күні - 10 наурыз 1932 жыл
(Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 ма-
мырындағы № 3528 (САПП ҚР, № 23, ст. 200) Жарлығымен
облыс құрамына таратылған Семей облысының аумағы енді)

Аумағы	- 283, 3 мың шар. км.
Халқы 1.01.2001ж.	- 1504, 3 мың адам
<i>Оның ішінде:</i>	
Қала халқы	- 882, 6 мың адам
Ауыл халқы	- 621, 7 мың адам

Өскеменнен Астанаға дейінгі арақашықтық	- 108 км
Өскеменнен Алматыға дейінгі арақашықтық	- 1100 км

Әкімшілік- аумақтық бірліктер саны	- 1.01.2002 ж.
---------------------------------------	----------------

Аудандар	- 15
Облыстық маңызы бар қалалар	- 5
Аудандық маңызы бар қалалар	- 5
Кенттер	- 27
Ауылдық округтер	- 228
Ауылдық елді мекендер	- 857

Аудандар және аудан орталықтары

№ р/р	Аудан атауы	Аудан халқы, адам	Аудан орталығының атауы	Өскеменге дейінгі ара қашықтық км
1	Абай	17684	Қарауыл селосы	382
2	Аягөз	81448	Аягөз қаласы	310
3	Бесқарағай	27451	Үлкен Владимировка	275
4	Бородулиха	47701	Бородулиха ауылы	178
5	Глубокое	66003	Глубокое кенті	19
6	Жарма	58246	Георгивка ауылы	115
7	Зайсан	39377	Зайсан қаласы	500
8	Зырян	91839	Зырян қаласы	184
9	Көкпекті	44220	Көкпекті ауылы	207
10	Күршім	43889	Күршім ауылы	200
11	Катон- қарағай	44226	Үлкен Нарын ауылы	254
12	Тарбағатай	64831	Ақсуат ауылы	358
13	Ұлан	44365	Молодежный кенті	12
14	Үржар	93842	Үржар ауылы	482
15	Шемонайха	55893	Шемонайха қаласы	100

Облыстық маңызы бар қалалар

№ р/р	Қала атауы	Құрылған жылы	Өскеменге дейінгі арақашықтық, км	Халқы, адам.
1	Өскемен	1720		303980
2	Зырян	1941	184	42717
3	Курчатов	1948	330	9354
4	Риддер	1934	120	54873
5	Семей	1782	200	267670

Аудандық маңызы бар қалалар

№ р/р	Қала атауы	Құрылған жылы	Халқы адам.	Қай ауданға кіреді
1	Зайсан	1941	15838	Зайсан
2	Серебрянск	1962	11596	Зырян
3	Шар	1963	9103	Жарма
4	Шемонайха	1961	19046	Шемонайха
5	Аягөз	1939	38491	Аягөз

Жұмысшы кенттері

№ р/р	Кент орталығы	Құрылған жылы	Халқы, адам	Қай ауданға кіреді
1	Ақтоғай	1959	5133	Аягөз
2	Алтай	1974	2167	Глубокое
3	Асубұлак	1955	4349	Ұлан
4	Әуезов	1962	3729	Жарма
5	Белогор	1955	624	Ұлан
6	Белоусовка	1939	9632	Глубокое
7	Белағаш	1944	1229	Бородулиха
8	Верхнеберезовка	1943	3846	Глубокое
9	Глубокое	1938	9903	Глубокое
10	Жарма	1938	1192	Жарма
11	Жаңғыз төбе	1938	3848	Жарма
12	Жезкент	1974	10474	Бородулиха
13	Зубовка	1973	2567	Зырян
14	Карагужиха	1964	265	Глубокое

№ р/р	Кент орталығы	Құрылған жылы	Халқы, адам	Қай ауданға кіреді
15	Малеевка	1987	2789	Зырян
16	Молодежный	1983	3408	Ұлан
17	Жана Бұқтырма	1963	6047	Зырян
18	Октябрьск	1963	1984	Зырян
19	Огневка	1962	1006	Ұлан
20	Прибрежный	1983	1269	Зырян
21	Первомайский	1963	6972	Шемонайха
22	Суықбұлақ	1964	1497	Жарма
23	Тұғыл	1967	7416	Тарбағатай
24	Усть-Таловка	1967	6173	Шемонайха
25	Үлбі	1937	5837	Риддер
26	Шаған	1958	683	Семей
27	Шүлбі	1978	4062	Семей

Өскемен қалалық әкімшілік-аумақтық бірлігі

Орталығы - Өскемен қаласы
Құрылған жылы – 1720
Аумағы мың шаршы км – 0,6
Халқы (адам) - 313512

№ р/р	Елді мекен атаулары	Халқы, адам	Орталыққа дейінгі ара қашықтық, км.
1	Өскемен қаласы	303980	

Меновное ауылдық округі
Орталығы – Меновное селосы
Өскеменге дейінгі арақашықтық - 6 км

1	Меновное	4505	6
2	Прудхоз	198	14
3	Ахмер	957	5
4	Ново-Ахмер	2086	8
5	Ново-Тройцкое	484	45
6	Ново-Явленка	862	12
7	Самсоновка	440	19

Зырян ауданы

Орталығы – Зырян қаласы
Құрылған жылы – 1976
Аумағы мың шаршы км – 10.5
Халқы (бағынышты округтарды қосқанда), адам 91839
Өскеменге дейінгі арақашықтық – 184
Кенттер – 5
Ауылдық округтер – 9

1	Зырян	184	42717
2	Серебрянск (аудандық маңызы бар қала)	92	11596

1. **Жаңа Бұқтырма кенті әкімшілік-аумақтық бірлігі**
Орталығы – Жаңа Бұқтырма кенті
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 78

1	Жаңа Бұқтырма	78	6047
2	Березовка	15	350
3	Александровка	30	163
4	д/о Голубой Залив	15	265

2. **Октябрьск кенті әкімшілік-аумақтық бірлігі**
Орталығы – Октябрьск кенті
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 82

1	Октябрьск кенті	82	1984
2	Бұқтырма бекеті	2	224
3	Селезневка бекеті	26	107
4	Сажаевка ауылы	4	175

3. **Прибрежный кенті әкімшілік-аумақтық бірлігі**
Орталығы – Прибрежный кенті.
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 54

1	Прибрежный кенті	54	1269
2	Заводинка селосы	25	162

4. **Северный ауылдық округі**
Орталығы – Феклистовка ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 54

1	Феклистовка ауылы	133	601
2	Северное ауылы	15	229
3	Ермаковка ауылы	27	107
4	Кировск ауылы	6	54

5. Первороссийск ауылдық округі
Орталығы – Первороссийск ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 42

1	Первороссийск ауылы	42	1172
2	Васильевка ауылы	20	338
3	Дородница ауылы	12	287

6. Малеевка кенті әкімшілік- аумақтық бірлігі
Орталығы – Малеевка кенті
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 12

1	Малеевка кенті	12	2789
2	Путинцево ауылы	4	1685
3	Быково ауылы	34	432
4	Богатырево ауылы	8	234
5	Ново-Калиновск ауылы	3	75

7. Парыгино ауылдық округі
Орталығы – Парыгино ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 17

1	Прыгино ауылы	17	2563
2	Кутиха ауылы	12	183
3	Баяновск ауылы	6	278
4	Теплый ключ ауылы	11	33

8. Тұрғысын ауылдық округі
Орталығы – Тұрғысын ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 27

1	Тұрғысын ауылы	27	1695
---	----------------	----	------

9. Средигорное ауылдық округі
Орталығы – Средигорное ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 28

№ р/р	Елді мекен атаулары	Орталыққа дейінгі ара қашықтық, км.	Халқы адам
1	Средигорное ауылы	28	1024
2	Шірікқайың ауылы	15	537
3	Андреевка ауылы	9	269
4	Александровка ауылы	15	256

10. Березовское ауылдық округі
Орталығы – Березовское ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 5

1	Черемушка ауылы	15	44
2	Ландман ауылы	15	71
3	Маяк ауылы	11	884
4	Восточное ауылы	8	282
5	Алтынсай ауылы	10	60
6	Березовское ауылы	5	467
7	Подорленок ауылы	11	542

11. Чапаев ауылдық округі
Орталығы – Чапаев ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 18

1	Чапаев ауылы	18	983
2	Пролетарка ауылы	8	195
3	Орловка ауылы	12	351
4	Крестовка ауылы	5	399
5	Снегирево ауылы	10	416

12. Никольск ауылдық округі
Орталығы – Никольск ауылы
Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 35

1	Алтайка ауылы	17	172
2	Никольск ауылы	35	987
3	Бородино ауылы	13	877
4	Кремнюха ауылы	25	312

13. Соловьево ауылдық округі
 Орталығы –Соловьево ауылы
 Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 16

1	Соловьево ауылы	16	1575
2	Ленинск ауылы	14	180
3	Бедаревка ауылы	9	81
4	Ново-Крестянка ауылы	8	494

14. Зубовка кенті әкімшілігі
 Орталығы – Зубовка кенті
 Зырян қаласына дейінгі арақашықтық – 8

1	Зубовка кенті	8	2567
---	---------------	---	------

Курчатов қалалық әкімшілік-аумақтық бірлігі

Орталығы – Курчатов қаласы

Құрылған жылы – 1948

Аумағы мың шаршы км – 0,002

Халқы, адам – 9354

Өскемен қаласына дейінгі арақашықтық – 330

№ р/р	Елді мекен атаулары	Орталыққа дейінгі ара қашықтық, км.	Халқы адам
1	Курчатов қаласы	330	9354

Риддер қалалық әкімшілік-аумақтық бірлігі

Орталығы – Риддер қаласы

Құрылған жылы – 1934

Аумағы мың шаршы шақырым – 3,4

Халқы (бағынышты округтерімен), адам – 64042

Өскемен қаласына дейінгі арақашықтық – 120

Кенттер – 1

Ауылдық округ – 1

1	Риддер қаласы	120	54873
---	---------------	-----	-------

№ р/р	Елді мекен атаулары	Орталыққа дейінгі ара қашықтық, км.	Халқы адам
----------	---------------------	--	---------------

1. Пригородный ауылдық округі
Орталығы – Пригородное ауылы
Риддер қаласына дейінгі арақашықтық – 6

1	Пригородное ауылы	6	1107
2	Громотуха ауылы	7	22
3	Верхняя Хайрузовка ауылы	3	125
4	Поперечное ауылы	37	406
5	Синушонок ауылы	70	10
6	Крольчатник ауылы	25	29
7	Новая королева ауылы	4	23
8	Ливино ауылы	16	178
9	Ермолаевка ауылы	47	38
10	8 Марта ауылы	45	15
11	Аэродромное ауылы	7	46
12	Коноваловка ауылы	8	205

2. Үлбі кенті әкімшілік- аймақтық бірлігі
Орталығы – Үлбі кенті
Риддер қаласына дейінгі арақашықтық – 23

1	Үлбі кенті	23	5837
2	Бутаково ауылы	16	324
3	Лениногор орман шаруашыл	9	229
4	Тишинский ауылы	12	41
5	ст. Ульбастрой	5	164
6	р-д 71 км	11	39
7	«Лениногорский» д.үйі	9	286

Семей қалалық әкімшілік - аумақтық бірлігі

Орталығы – Семей қаласы

Құрылған жылы – 1718

Аумағы мың шаршы км. – 27.7

Халқы (бағынышты округтерімен), адам – 296374

Өскемен қаласына дейінгі арақашықтық – 200

Кенттер – 2

Ауылдық округтер – 14

№ р/р	Елді мекен атаулары	Орталыққа дейінгі ара қашықтық, км.	Халқы адам
----------	---------------------	--	---------------

1	Семей қаласы	200	267670
---	--------------	-----	--------

1. Новобаженово ауылдық округі

Орталығы – Новобаженово ауылы

Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 52

1	Новобаженово ауылы	52	2208
2	Баженово ауылы	4	296
3	Климентьевка ауылы	20	440
4	Бұлақ ауылы	20	439
5	Талдықорған ауылы	32	377

№ р/р	Елді мекен атаулары	Орталыққа дейінгі ара қашықтық, км.	Халқы адам
----------	---------------------	--	---------------

2. Озерки ауылдық округі

Орталығы – Озерки ауылы

Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 35

1	Озерки ауылы	35	2321
2	Талица ауылы	18	568
3	Половинка ауылы	14	476
4	Қарақол ауылы	75	126

Приречный ауылдық округі
Орталығы – Приречное ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 8

1	Приречное ауылы	8	1238
2	Гранитное ауылы	6	323
3	Мұздыбай ауылы	18	222
4	Жарқын ауылы	15	662
5	Шөптіқақ ауылы	20	117

4. Шұлбі кенті әкімшілік- аумақтық бірлігі
Орталығы – Шұлбі кенті
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 70

1	Шұлбі кенті	70	4062
---	-------------	----	------

5. Знаменка ауылдық округі
Орталығы – Знаменка ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 60

1	Знаменка ауылы	60	1714
2	Кыземшек ауылы	10	285
3	Сынтас ауылы	25	38
4	Красная юрта ауылы	30	36

6. Жазық ауылдық округі
Орталығы – Жазық ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 120

1	Жазық ауылы	120	508
---	-------------	-----	-----

7. Жиеналы ауылдық округі
Орталығы – Бөкенші ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 40

1	Бөкенші ауылы	40	825
2	Маралды ауылы	7	192

8. Достық ауылдық округі
Орталығы – Достық ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 2

1	Достық ауылы	2	545
2	Чекоман ауылы	25	1290

9. Ертіс ауылдық округі
Орталығы – Мұқыр ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 15

1	Мұқыр ауылы	15	1235
2	Мұрат ауылы	4	275
3	Прииртышское ауылы	5	881

10. Шаған кенті әкімшілік- аумақтық бірлігі
Орталығы – Шаған кенті
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 80

1	Шаған кенті	80	683
---	-------------	----	-----

11. Қараөлең ауылдық округі
Орталығы – Қайнар ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 280

1	Қайнар ауылы	280	2366
2	Егеубай ауылы	60	98
3	Қараөлең ауылы	18	233
4	Көкшетау ауылы	50	33

12. Таңат ауылдық округі
Орталығы – Таңат ауылы
Семей қаласына дейінгі арақашықтық – 7

1	Соц. Қазақстан ауылы	200	249
2	Таңат ауылы	7	126